

Ат жарысы

Нұрсұлтанға көптеген жылдар бойы өтіп келе жатқан ат жарысының даму тенденцияларын түсінуге көмектесіңіз.




Ат жарысы

Сұрақ 1 / 3

Оң жақтағы нүктелі диаграммада жыл сайын 1875-2012 жылдар аралығында өткізілген аймақтық ат жарыстарындағы топжарған жүйріктердің орташа жылдамдығы көрсетілген.

Топжарған жүйрік аттың жылдамдығы мен ат жарысы өткен жыл арасында байланыс бар ма? Егер бар болса, онда бұл байланысты қалай сипаттауға болады?




Ат жарысы

Сұрақ 2 / 3

Топжарған жүйрік аттың жылдамдығы мен жыл арасындағы байланысты шамамен сызықтық деп есептеуге бола ма, соны анықтаңыз.


Қарастырылып отырған мәселе мен оған қатысты айнымалы мәндерді ескере отырып, бұл байланыстың қандай мағына беретінін түсіндіріңіз (сызықтық болса да, болмаса да)



Ат жарысы

Сұрақ 3 / 3

Қолда бар құралдарды пайдалана отырып, осы нүктелі диаграммадан тыс жатқан нүктені белгілеңіз және осы бақылау нәтижесі неге және неліктен ерекше екенін түсіндіріңіз.



Ит салмағын анықтаушы

Ит өсірушіге екі иттің салмағын болжауға көмек қажет.



Ит салмағын анықтаушы

Сұрақ 1 / 4

Оң жақтағы екі күшік туралы ақпараттарды пайдаланып, ит өсірушіге ересек иттің салмағын болжауға көмектес. Ересек еркек иттің салмағын күшіктің салмағын оның аптамен есептелген жасына бөліп, 52-ге көбейту арқылы болжауға болады (мұндағы 52 – бір жылдағы апта саны).

Ұрғашы иттердің салмағы еркек иттерге қарағанда 10%-ға аз болады.

Бим мен Кимнің ересек кездегі салмағы қандай болуы мүмкін?

Бим: кг

Ким: кг



- Аты: Бим
- Жынысы: Еркек
- Жасы: 16 апта
- Салмағы: 6 кг



- Аты: Ким
- Жынысы: Ұрғашы
- Жасы: 16 апта
- Салмағы: 5 кг

Ит салмағын анықтаушы

Сұрақ 2 / 4

Ит өсіруші тұқым мөлшері туралы ақпаратты оң жақтағы кестеге қосып, былай деді:
“Тұқым мөлшері орташа иттерді 16-шы аптада, ал тұқым мөлшері ірі иттерді 20-шы аптада өлшеген жөн. Бимнің салмағы әр күн сайын 3.5%-ға артуда.”

Бим үшін алдында болжанған салмақты өзгертпеген дұрыс па?

- Ия
- жоқ

Жауабыңды түсіндір.



- Аты: Бим
- Жынысы: Еркек
- Жасы: 16 апта
- Салмағы: 6 кг
- Тұқым өлшемі: Ірі

Ит салмағын анықтаушы

Сұрақ 3 / 4

Ит өсіруші өз болжамын жақсарту үшін 6 ит тұқымы туралы сауалнама жүргізуді шешті. Оң жақтағы кестеде 4 топқа бөлінген барлық ит тұқымдары туралы сауалнама нәтижесі көрсетілген.

Әр топ бойынша сауалнамаға алынған иттердің орташа саны қандай?



	A тұқымы	B тұқымы	C тұқымы	D тұқымы	E тұқымы	F тұқымы
A тобы	5	8	6	3	2	4
B тобы	8	5	0	2	1	5
C тобы	2	5	8	0	5	2
D тобы	7	4	3	6	1	9

Ит салмағын анықтаушы

Сұрақ 4 / 4

D тұқымы мен D тобындағы иттердің салмағын өлшеу үшін кездейсоқ таңдалу ықтималдығы қандай? Ит өсіруші сауалнамаға иттерді кездейсоқ таңдағанда:

1. Алдымен тұқымды таңдайды;
2. Содан кейін осы тұқымға жататын итті таңдайды.


Жауабыңды түсіндір.



	A тұқымы	B тұқымы	C тұқымы	D тұқымы	E тұқымы	F тұқымы
A тобы	5	8	6	3	2	4
B тобы	8	5	0	2	1	5
C тобы	2	5	8	0	5	2
D тобы	7	4	3	6	1	9

Онлайн кітап дүкені

Алияға интернет кітап дүкенінен кітап сатып алу үшін дұрыс шешім қабылдауға көмектесіңіз




Онлайн кітап дүкені

Сұрақ 1 / 2

Алияға екі ықтимал жеңілдік нұсқаларының бірін таңдау ұсынылды: 1. Бір заттың құнынан 25%-ға тең жеңілдік алу. 2. Жалпы сауда құны 1000 теңге не одан көп болса, 400 теңге көлеміндегі жеңілдік алу.

Жалпы сауда құнынан 400 теңге жеңілдіктің орнына бір кітапқа 25% жеңілдік алу тиімдірек болатын сатып алудың баға диапазонын анықтау үшін қолдануға болатын теңсіздікті жазыңыз. Бір кітаптың құны X болсын.



Бір кітап үшін
25%
жеңілдік

немесе

Жалпы сауда құны
10 000 теңге,
не одан көп болса
4 000 теңге
жеңілдік

Онлайн кітап дүкені

Сұрақ 2 / 2

Алия бірнеше кітап сатып алуға шешім қабылдады және бір кітап үшін 25% жеңілдікті қолданатын болады.

Қандай жағдайларда және неліктен бір кітап құнына 25% жеңілдік алудан гөрі жалпы сауда құны 1000 теңге не одан көп болғанда, 400 теңге жеңілдік алу тиімдірек.




Бір кітап үшін
25%
жеңілдік

немесе

Жалпы сауда құны
10 000 теңге,
не одан көп болса
4 000 теңге
жеңілдік

YouTube пікірлері

Арманға Youtube-тағы бейнебаяндарына пікірлер санын арттыруға және оны бағалауға көмектес.



YouTube пікірлері

Сұрақ 1 / 3

Арман өзінің YouTube бейнелеріне 6000-нан астам пікір алғысы келеді. Ол жүктеген әрбір музыкалық бейнебаян үшін 450 -ге жуық пікір алады, ал әрбір сюжетті бейне үшін 150 -ге жуық пікір алады. Келесі теңсіздікте М - музыкалық бейнебаяндар санын, ал S - Арман өз мақсатына жету үшін жүктеу керек деп болжанатын сюжетті бейнелер санын білдіреді: $450M + 150S > 6000$

Арман 10 музыкалық және 11 сюжетті бейнелерді жүктеу арқылы мақсатына жете ала ма?

- Ия
- Жоқ

Жауабыңды түсіндір.



YouTube пікірлері

Сұрақ 2 / 3

Арман өзінің сюжетті бейнебаяндарының кескіндері көбірек болса, оң пікірлердің саны артатынын байқады.

60%-дық кескінді бейне алу үшін(+), 48 кескінге неше кескін қосу керек, егер 48 кескін барлық бейненің 45%-ында болса?

Жауап: суреттер

Бұл есептің болжау дәлдігін жақсартудың қандай жолдары бар екенін түсіндір.



YouTube пікірлері

Сұрақ 3 / 3

Арман оң жақтағы формулаға сүйене отырып, жексенбіде сюжетті бейнелерге оң баға алудың ықтималдығы 0,4 екенін есептеді.

Бұл Арман үшін алдағы жексенбіде сюжетті бейнелердің 50% -ына оң пікірлер берілетініне 80% сенімді екенін көрсете ме?

- Ия
- Жоқ

Жауабыңды түсіндір.




Бейне шолуларға оң баға алу ықтималдығы = $C \times V$

C - бейне шолуларға оң баға алу сенімділігі V - шолушы қараған бейненің қатынасы

Дартс нысаналары

Айжанға дартс нысаналарын бояуға көмектесіңіз.




Дартс нысаналары

Сұрақ 1 / 3

Айжан оң жақтағы суретте көрсетілгендей дартс нысаналарын бояғалы жатыр. Ең кіші C_1 шеңбердің радиусы 9 см және әрбір келесі шеңбердің радиусы алдыңғы шеңбердің радиусынан 9 см-ге үлкен. Айжан нысананы бояуға 2 құты қызыл және 1 құты ақ бояу сатып алды. Әрбір 0,5-литрлік бояу құтысы 3 шаршы метр аумақты бояуға жетеді.

Бір нысананың қызыл түспен боялған бөлігінің ауданы неге тең? Сандық өрнекті жазыңыз және оның мәнін шаршы сантиметрмен есептеңіз.



Дартс нысаналары


Сұрақ 2 / 3

Айжан осындай 16 дартс нысанасын бояу үшін қызыл түсті 1-литрлік төрт құты және ақ түсті 1-литрлік төрт құты бояу сатып алды. Мұндай бір құты бояу 1 шаршы метр аумақты бояуға жетеді

Барлық 16 нысананы бояу үшін Айжанның алған әр түсті бояуы жеткілікті ме?

- Ия
- Жоқ

Жауабыңды түсіндір.




•Дартс нысаналары

Сұрақ 3 / 3

Айжанға достары мектепшілік жарыс үшін 8 үлкенірек нысана жасауды ұсынды. Ең кіші шеңбердің радиусы 12 см және әрбір келесі шеңбердің радиусы алдыңғы шеңбердің радиусынан 12 см-ге үлкен. Айжан құны 225,25 теңге болатын 1-литрлік бояу құтысын қолданған жағдайда үлкенірек нысаналарды жасаған кезде жобаның құны қаншаға өсетінін санамақ болды. Ең кіші шеңбердің радиусы 9см болатын 16 нысананың орнына ең кіші шеңбердің радиусы 12 см болатын 8 нысананы жасайтын болса, жобаның құны қанша теңгеге өзгереді?


Екінші жобаның құны бірінші жобаның құнымен салыстырғанда кемиді ме әлде өседі ме?

Жауабыңды түсіндір.



Ауланы көгалдандыру

Ландшафтық компанияға ауланы көгалдандыруды жоспарлауға көмектесіңіз.



Ауланы көгалдандыру

Сұрақ 1 / 3

Ландшафтық компания көгал отырғызбақшы. 40 шаршы метр көгал алаңына 10 кг тұқымды себуге болады. Оң жақта тіктөртбұрышты ауланың сызбасының масштабы көрсетілген. Тіктөртбұрыштың ең үлкен қабырғасының ұзындығы 60 м тең. Сызбада үй, гараж, қосалқы бөлме және тас төселген жалғыз аяқ жол көрсетілген. Ал қалған боялмаған аумақ көгалдандыру үшін дайындалды. Ауланы көгалдандыру үшін дайындалған аумақтың жалпы ауданы 1980 шаршы метрге тең.

Ауланың көгалдандыратын бөлігінің жалпы ауданы қанда



Ауланы көгалдандыру

Сұрақ 2 / 3

Ландшафтық компания көгалға тұқым отырғызғысы келеді. 40 шаршы метрді көгалдандыруға 10 кг-дық тұқым қабы жетеді. Оң жақта тіктөртбұрышты ауланың сызбасы көрсетілген. Тіктөртбұрыштың ең үлкен қабырғасының ұзындығы 60 м-ге тең. Үй, көлікжай, қызметтік бөлме және алдыңғы тас төсеуіш сызбада көрсетілген. Ал қалған бос жер көгалдандыру үшін дайындалды.

Ауланың барлық аумағын көгалдандыру үшін көгал шөбінің қанша 10 кг-дық тұқым қабы қажет?

Жауабыңды түсіндір



Ауланы көгалдандыру

Сұрақ 3 / 3

Ландшафт дизайнері ауланың жоспарын зерттей келе, артқы ауладағы көгалдың ауданы алдыңғы ауладағы көгалдың ауданымен бірдей деп шешті. Қара сызық алдыңғы және артқы аула арасындағы шекараны білдіреді. Оның есебі дұрыс па? Жауабыңды түсіндір.



Аквапарк

Дианаға қай аквапаркқа бару керектігін шешуге көмектесіңіз




Аквапарк

Сұрақ 1 / 3

Су әлемі жергілікті аквапаркіне кіру билеті мен аттракциондарды пайдалану құны оң жақтағы графикте көрсетілген.

x аттракциондар санынан *y* аквапаркке кіру құнының тәуелділігін жазып шығыңыз.



Аквапарк

Сұрақ 2 / 3

Жақында 'Дельфиндер патшалығы' атты жаңа аквапарк ашылды. Диана бұл аквапаркке баруға қанша ақша жұмсалатынын нақты білмейді, бірақ оған досы кіру билеті мен аттракциондарға қанша ақша жұмсағанын айтты. Ақпарат оң жақтағы кестеде келтірілген.

Дианада бар жоғы 1600 теңге ғана бар екенін ескерсек, оған қай аквапаркке барған тиімдірек болады? 'Дельфиндер патшалығына' ма әлде 'Су әлеміне' ме?

Дәлелдеріңізді келтіріңіз

Аттракциондар саны	Теңге жұмсалды
0	900
2	1,150
4	1,550
6	1,650

Аквапарк

Сұрақ 3 / 3

Тағы бір «Су люксі» атты аквапарк ашылайын деп жатыр, оның кіру ақысы аттракциондар үшін қосымша ақыны қоспағанда 1600 теңгені құрайды.

Аттракциондар саны қанша болғанда "Дельфиндер патшалығына" бару "Су люксі" аквапаркіне қарағанда қымбатқа түседі?

Аттракциондар саны	Теңге жұмсалды
0	900
2	1,150
4	1,550
6	1,650

Ашық аспан астындағы жаттығу

Асқарға жақын жердегі ашық спорт алаңында жаттығу жасауды жоспарлауға көмектес.



Ашық аспан астындағы жаттығу

Сұрақ 1 / 3

Асқардың үйінің айналасында ашық жаттығу алаңы жасалған 2 аймақ бар: А аймағы: 1350 шаршы метр (оның 32%-ы ашық кеңістік, 44%-ын ғимараттар, 24%-ын жолдар алып жатыр); В аймағы: 780 шаршы метр (22% -ы ашық кеңістік, 63%-ын ғимараттар, 15%-ын жолдар алып жатыр).

Әр аймақта ашық кеңістік қанша шаршы метр алып жатыр?

А аймағы: шаршы метр

В аймағы: шаршы метр



Ашық аспан астындағы жаттығу

Сұрақ 2 / 3

Асқардың айтуынша, В аймағының көп бөлігін ғимараттар алып жатыр, сондықтан жаттығу алаңын қолданатын тұрғындар да көп. Оның пікірінше, В аймағында ашық аспан астындағы жаттығу алаңдарын көбірек салу керек.

Асқардың пікірі дұрыс па?

- *Ия*
- *Жоқ*



А аймағы: 1350 шаршы метр (32%-ы ашық кеңістік, 44%-ын ғимараттар, 24%-ын жолдар алып жатыр)

В аймағы: 780 шаршы метр (22% -ы ашық кеңістік, 63%-ын ғимараттар, 15%-ын жолдар алып жатыр)

Ашық аспан астындағы жаттығу

Сұрақ 3 / 3

Ашық аспан астындағы жаттығу алаңдарын дұрыс орналастыру үшін Асқарға қандай ақпараттар жинау керек?



А аймағы: 1350 шаршы метр (32%-ы ашық кеңістік, 44%-ын ғимараттар, 24%-ын жолдар алып жатыр)

В аймағы: 780 шаршы метр (22% -ы ашық кеңістік, 63%-ын ғимараттар, 15%-ын жолдар алып жатыр)

Фитнес сағаттары туралы сауалнама

Мектебіңе фитнес сағаттары туралы
сауалнама жүргізуге көмектес.



Фитнес сағаттары туралы сауалнама

Сұрақ 1 / 3

Фитнес сағаттарын сынауға мектептен барлығы 160 оқушы шақырылды. Оның 148-і фитнес сағаттарын тексеруге келісті және сауалнамаға қатысты.

Төмендегі кестеде оқушылардың жауаптары көрсетілген.

Жынысы	Өте пайдалы	Пайдалы	Кейде пайдалы	Пайдасыз
Ұл бала	52	11	7	2
Қыз бала	58	13	4	1

Мектеп оқушыларының неше пайызы фитнес сағатын «өте пайдалы» немесе «пайдалы» деп санайды?

Жауабыңды түсіндір



Фитнес сағаттары туралы сауалнама

Сұрақ 2 / 3

Фитнес сағатын “өте пайдалы” немесе “пайдалы” деп тапқан қыздар санының “кейде пайдалы” немесе “пайдасыз” деп тапқан қыздар санына қатынасы неге тең?

Жынысы	Өте пайдалы	Пайдалы	Кейде пайдалы	Пайдасыз
Ұл бала	52	11	7	2
Қыз бала	58	13	4	1



Фитнес сағаттары туралы сауалнама

Сұрақ 3 / 3

Оқушы қыздар үлкен ықтималдықпен фитнес сағатын пайдалы деп санайды деген қорытынды дұрыс па?

Жауабыңды түсіндір.

Жынысы	Өте пайдалы	Пайдалы	Кейде пайдалы	Пайдасыз
Ұл бала	52	11	7	2
Қыз бала	58	13	4	1

